ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Геральдикалық зерттеулер орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесі
мен
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
арасында

Түркістан қаласы «18» қыркүйек 2026 жыл

Бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталатын **Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Геральдикалық зерттеулер орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесі**, атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директордың міндетін уақытша атқарушы МЫРЗАХАНОВ ӘДІЛХАЙЫР ЕРЗАТҰЛЫ, бір тараптан, және **«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**, атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директор ДӘКЕНОВ ЕРЛАН ЕРҒАЗЫҰЛЫ, екінші тараптан, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа ала отырып, тарихи-мәдени мұраны зерделеу, сақтау және насихаттау, қазақ геральдикасының тарихи бастаулары мен даму ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан зерттеу мақсатында осы Ынтымақтастық туралы меморандумды (бұдан әрі – Меморандум) жасасты.

1. Меморандумның мақсаты

1.1. Осы Меморандумның мақсаты – Тараптар арасындағы ғылыми, мәдени-ағартушылық және ақпараттық ынтымақтастықты дамыту, тарихи-мәдени мұра нысандарында кездесетін геральдикалық, эмблемалық, таңбалық және өзге де тарихи материалдарды бірлесіп зерделеу.

1.2. Тараптар қазақ халқының дәстүрлі таңбалары, хандық дәуірдегі мөрлер мен белгілер, әскери және әулеттік нышандар, тарихи рәміздер, сәулеттік және эпиграфикалық таңбалар, сондай-ақ олардың қазіргі Қазақстан геральдикасымен сабақтастығын зерттеуге ерекше мән береді.

1.3. Ынтымақтастықтың маңызды бағыты – тарихи-мәдени мұрамыздағы таңбалық және нышандық элементтерді ғылыми айналымға енгізуге, оларды жүйелеуге және көпшілікке танытуға жәрдемдесу.

2. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары

Тараптар өзара ынтымақтастықты мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырады:

1. қазақ геральдикасының тарихи дамуына қатысты музей қорларында, архивтерде және ғылыми жинақтарда сақталған материалдарды зерделеу;
2. «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының қорларындағы мөрлер, таңбалар, қару-жарақ, құлпытастар, сәулеттік элементтер, қолжазбалар, құжаттар, нумизматикалық және этнографиялық материалдардағы нышандарды зерттеу;
3. тарихи тұлғаларға, әулеттерге, ру-тайпаларға, билеуші әулеттерге және Түркістан өңіріне қатысты таңбалық материалдарды анықтау, сипаттау және ғылыми жүйелеу;
4. қазақтың дәстүрлі таңбалық мәдениеті мен қазіргі мемлекеттік және өңірлік нышандар арасындағы тарихи-мәдени сабақтастықты зерттеу;
5. бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын, экспедицияларды, семинарларды, дөңгелек үстелдерді, конференцияларды, дәрістер мен басқа да ғылыми-танымдық іс-шараларды ұйымдастыру;
6. музей экспозициялары мен уақытша көрмелерде геральдика және таңбатану тақырыптарын таныту бойынша бірлескен жобаларды іске асыру;
7. ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектерді, каталогтарды, жинақтарды, ақпараттық және танымдық материалдарды бірлесіп әзірлеу және жариялау;
8. Тараптардың мамандары үшін тәжірибе алмасу, тағылымдамалар, дәрістер мен практикалық сабақтар ұйымдастыру;
9. тарихи-мәдени мұраны және геральдикалық білімді көпшілікке насихаттау мақсатында ақпараттық және ағартушылық жобаларды іске асыру;
10. цифрлық технологияларды пайдалана отырып, тарихи таңбалар мен нышандар туралы деректерді жинау, жүйелеу және ғылыми-ақпараттық ресурстар қалыптастыру;
11. Тараптардың құзыретіне жататын өзге де бағыттар бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыру.

3. Тараптардың өзара іс-қимылы

3.1. Ынтымақтастық Тараптардың өзара келісімі негізінде жүзеге асырылады.

3.2. Тараптар:

- өз құзыреті шегінде ғылыми және ақпараттық материалдармен алмасады;
- бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады;
- зерттеу нәтижелерін ғылыми айналымға енгізуге ықпал етеді;
- өзара келісім бойынша мамандарын, сарапшыларын және зерттеушілерін бірлескен жобаларға тартады;
- тарихи-мәдени және геральдикалық мұраны насихаттауға бағытталған бастамаларды қолдайды.

3.3. Музей қорларындағы материалдарды зерттеу, фото және бейнематериалдар жасау, цифрландыру, көшірмелерін алу, ғылыми жарияланымдарда және өзге де ақпараттық материалдарда пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына, музей-қорықтың музей қорларындағы заттарды есепке алу, сақтау және пайдалану жөніндегі белгіленген тәртібіне және музей-қорықтың ішкі актілеріне сәйкес жүзеге асырылады. Музей қорларынан алынған материалдарды үшінші тұлғаларға беру, тарату, жариялау немесе өзге де мақсаттарда пайдалану музей-қорықтың

алдын ала жазбаша келісімімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3.4. Қажет болған жағдайда нақты жобалар мен іс-шараларды іске асыру үшін Тараптар жеке жоспарлар, жұмыс бағдарламалары немесе қосымша келісімдер әзірлей алады.

4. Бірлескен іс-шаралар

4.1. Тараптар жыл сайын бірлескен іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және бекітуге құқылы.

4.2. Бірлескен іс-шараларға мыналар жатады:

- ғылыми конференциялар мен форумдар;
- дөңгелек үстелдер мен семинарлар;
- ғылыми экспедициялар;
- көрмелер;
- музейлік дәрістер;
- шеберлік сабақтары;
- ғылыми жарияланымдар мен каталогтар;
- жас зерттеушілерге арналған жобалар және басқа да іс-шаралар енгізілуі мүмкін.

5. Қаржыландыру

5.1. Осы Меморандум шеңберіндегі ынтымақтастық Тараптардың әрқайсысының қолданыстағы заңнамамен рұқсат етілген өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5.2. Бірлескен жобаларды қаржыландыру мәселелері әрбір нақты жоба бойынша жеке келісімдер негізінде айқындалуы мүмкін.

5.3. Осы Меморандум Тараптарға қандай да бір қаржылық міндеттемелер жүктемейді.

6. Құпиялылық және ақпарат алмасу

6.1. Тараптар ынтымақтастық барысында алынған ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес пайдаланады.

6.2. Қолжетімділігі шектеулі, музей қорына немесе өзге де қорғалатын ақпаратқа жататын материалдарды беру және пайдалану тиісті рұқсаттар негізінде жүзеге асырылады.

6.3. Ғылыми жарияланымдарда Тараптардың қорларынан алынған материалдарға сілтеме жасау және олардың деректемелерін көрсету қолданыстағы талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

6.4 Бірлескен қызмет нәтижесінде жасалған ғылыми, әдістемелік, ақпараттық, графикалық, цифрлық және өзге де материалдарды пайдалану, жариялау және тарату мәселелері Тараптардың өзара келісімі бойынша және Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік саласындағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

7. Меморандумның қолданылу мерзімі

7.1. Осы Меморандум оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

7.2. Меморандум 5 жыл мерзімге жасалады.

7.3. Тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша Меморандумның қолданылу мерзімі ұзартылуы мүмкін.

7.4. Тараптардың кез келгені екінші Тарапқа кемінде 30 күн бұрын жазбаша хабарлау арқылы Меморандумның қолданылуын тоқтатуға құқылы.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Осы Меморандум Тараптардың өзара түсіністігі мен ынтымақтастығын білдіреді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, қаржылық немесе өзге де міндеттемелер туындатпайды.

8.2. Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың өзара келісімі бойынша жазбаша түрде енгізіледі.

8.3. Осы Меморандум екі данада қазақ тілінде жасалды, әрбір Тарапқа бір данадан беріледі. Екі дананың да заңдық күші бірдей.

9. Тараптардың деректемелері

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Геральдикалық зерттеулер орталығы» РММ
Мекенжайы: Астана қ., Тәуелсіздік даңғ., 54

Директордың міндетін уақытша атқарушы

_____ Ә. Мырзаханов

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы»
РМҚК
Мекенжайы: Түркістан обл., Түркістан қ.,Әйтеке би көшесі, №1Б.

Директор

_____ Е. Дәкенов